

**СЕМЕЙ ОБЛЫСТЫҚ РАДИОХАБАР ТАРАТУ ЖӘНЕ ТЕЛЕВИЗИЯ
КОМИТЕТІНІҢ ҚҰРЫЛУЫ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУЫ
(Қазіргі «Semei» телеарнасы)**

Молдабаев Хасен Советханұлы,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1- курс докторанты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
moldabaev@mail.ru

Ғылыми жетекші - филология ғылымдарының докторы, профессор Омашев Намазалы
Омашұлы

Қазіргі «Semei» телеарнасының тарихы 1965 жылдан басталады. Оған архивтегі құжаттар да дәлел. Сол кезде өңірімізде шыққан «Ертіс» және «Иртыш» газеттерінде жергілікті телеарна туралы алғашқы мақалалар жарық көре бастаған. Аталмыш газеттегі мақалаларға сүйенсек облыстық радиохабар тарату және телевизия комитетінің алғашқы председателі Қылшықбай Байғожаұлы Байғожин екенін көреміз. Бұл кісі 1965 жылы 31 тамызда шыққан «Ертіс» газетінің №171 санында бүгін Семей телевизия орталығы жұмыс істей бастады деген тақырыппен мақала жазған. Осы материал арқылы Қылшықбай Байғожаұлы халықпен қуанышты хабарды жеткізіп, бөліспекші болса керек.

Мақала 1965 жылдың 31 тамызында жарияланған, яғни 1 қыркүйектен бастап ресми түрде хабар таратыла бастады. Материал «Семей жұртшылығы тағы да бір қуанышты, әрі игілікті іске ие болды. Күн сайын еліміздегі 115 телесудиялардан алуан түрлі хабарлар даярланып, жұртшылыққа көрсетілуде», - деп жалғасады, яғни Семей студиясы 116 - шы болып тұр. Мақаладан тағы бір үзінді келтірейін: «Алдағы бір-екі жыл шамасында Новосибирскіден Барнаул қаласы арқылы Семейге, Алматыға қарай тартылып жатқан жер астындағы телевизиялық жол аяқталуға тиіс. Сол кезде біздің Семей облысының еңбекшілері де Москвадан беріліп тұратын телевизиялық программаларды қабылдай алады», яғни осы арқылы біз Алматы қаласына да Семей арқылы телевизия жолы тартылғанын аңғарамыз.

Сонымен қатар, мақалада мынандай жазба бар: «Мемлекеттік комиссия Семейде салынып жатқан телевизия орталығын пайдалануға беру туралы қаулы алды. Июль айынан бастап августың аяғына дейін телевизиялық байқау хабарлары беріліп келді. Ал бүгіннен бастап Семей телевизиясы өз жұмысын жаңа программамен жүргізетін болады. Қазіргі телехабарларымызды қала жұртшылығынан басқа Бородулиха, Жарма, Бесқарағай және Абай ауданының еңбекшілері де көреді». Бұл Семей қаласына жақын аудандардың да халқы алғашқы хабарларды тамашалай бастады деген сөз [1].

Теле студияның жұмысын бір жолға қою оңай емес екені анық. Телемұнара мен теле студияны құруға кімдер ат салысты деген заңды сауал туындайды. Оған мақала авторының келесі ойын мысалға алайық: «Семей телевизия студиясын жабдықтау кезінде Ленинград, Одесса, Баку, Киев, Харьков, Новосибирск қалалары заводтарының және туысқан Чехославакия Социалистік Республикасының көрсеткен көмектері көп болды. Негізгі құрылысты «Семипалатинскстрой» тресі салды. Көптеген құрылыс ұйымдары әсіресе «Монтажжилстрой» басқармасы,

«Казантехмонтаж», «Казэлектромонтаж» және «Спецстрой» құрылысшылары ойдағыдай көмектесті. Ал, 180 метрлік мұнараны Семейдегі №453 мостопоезд коллективі салды [2].

Сонымен қатар, комитет председателі алғашқы хабарларды қаладан 80-120 шықырым жердерде тұратын ауыл тұрғындары да тамашалай алатынын атап өткен. Ал, алғашқы бағдарламаларға келетін болсақ, бұл ретте автор «Бір ферманың сауыншылары», «Семей цемент-шифер комбинаты қарқынын күшейтуде», «Зябь барлық егіс көлеміне» деген хабарлар, тағы басқа әдебиет жаңалықтары, «Партия тобы коллективтің тәрбиешісі» сияқты хабарлар бар екенін атап өткен. Осылайша мақала авторы телеарнаның құрылу және қалыптасу кезеңдерін сипаттап берді.

Енді осы бағдарламалар қай уақытта шығып тұрғанына тоқталсақ. «Ертіс» газетінің 1965 жылы 23 қазанда шыққан №210 нөміріндегі бағдарламалар кестесіне сүйенсек жергілікті телеарна да бар. Көгілдір экран деп тұрған айдарда 19-00-де телевизиялық жаңалықтар. 19-15-те киножурнал «Советтік Қазақстан». 19-35-те «Россияда жұмысшы қозғалысы және марксизм-ленинизмнің таралуы» деген әңгіме. 19-50-де хроникальды-документальді фильм – «Атоммен танысу». 20-15-те көркем суретті фильм – «Мұхиттағы із». 21-35-те хроникальды-документальды фильм – «Сиқырлы сәуле». Осыдан алғаш хабар тарата бастаған телевизия комитетінің хабарлары шамамен 4 сағат эфирге шыққанын аңғаруға болады [2].

Ал «Ертіс» газетінің 1965 жылдың 7 мамырында шыққан №89 нөмірінде телемұнараға қатысты нақты ақпарат бар. Онда Телевизия мұнарасының 80 метрге дейін көтерілген сурет берілген. Яғни мамыр айы мен тамыз айы аралығында қалған 100 метрі салынып, аяқталғанын көреміз. Мақалада тілші радио күні қарсаңында телевизия станциясының инженері Валентин Самохинмен сөйлесіп қайтқан екен. Сұхбат беруші Валентин Владимирович телестанцияның монтаж жұмыстарына Москваның, Ленинградтың, Новосибирскінің, Хабаровскінің мамандары көмектескенін айта келе, станция аппаратурасын мақтаған. Ол «Станцияның аппаратурасы нағыз отандық. Сонымен бірге туысқан Чехословакиядан алынған қондырғылар да бар. Чехословак достардың өнімдері де өте жақсы. Бір сөзбен айтқанда күрделі жүйелердің соңғы байқау, бақылау жұмыстары жүріп жатыр, мінсіз қызмет ететіндігін сеніммен айтуға болады», - деген екен Валентин Самохин. Сонымен қатар, ол қондырғыларды сынауда Москваның Ермолаев, Ленинградтың инженер Тихонов басқарған шағын коллективтері үлкен жұмыстар істеп жатқанын атап өткен [3].

«Иртыш» газетінің 1965 жылы 25 маусымда шыққан №123 санында В. Коблиннің «Перед выходом в эфир» мақаласына зер салсақ телемұнараның құрылысы ешқандай төтенше жағдайсыз, сәтті іске асырылғанын байқауға болады. Автор мақаласында былай деп жазады: «К высоте привыкали по мере роста башни. И не только привыкли но и покаршили. За все время монтажа не было ни одного «ЧП». Никто из начинавших монтаж, не ушел с башни. У контрольных приборов и передатчиков «колдуют» настройщики Аркадий Ермолаев и Артур Фатов специалисты Московского СМУ №305 «Радиостороя». За их работой внимательно следят и помогают радиотехники телецентра Борис Мотовилин и Виктор Кострица им придется эксплуатировать эту сложнейшую аппаратуру», - деп жалғастырады В. Коблин [4].

Архивтегі құжаттарға сүйенсек Қылшықбай Байғожаұлы Байғожин телевизия комитеті құрылғаннан бастап облыстық радиохабар тарату және телевизия комитетінің председателі ретінде 1969 жылға дейін қызмет жасаған. Яғни, комитеттің құрылуын қадағалап, жоғарыда жазылған жұмыстарға бақылау жасаған. 1969 жылы басшылыққа Сержан Рамазанұлы Рамазанов келеді. Телеарнаның жеке мұрағатындағы бұйрықтарды қарастырып отырып, Сержан Рамазанұлының басшылық еткен кезінде тілшілер аудандарға жиі жұмыс сапармен шыға бастағанын аңғаруға болады. Яғни, телевизия комитеті ілгері қадам жасай бастады. Осы кездері облыстық телеарнаның аудандарға барып, «Ауданның теле күні» атты бағдарлама дайындаулары ерекше болды. Белгілі бір уақытта ауданнан обыс орталығына делегаттар келіп сұхбат беретін. Олардың қатарында шаруа қожалықтарының басшылары, белгілі механизаторлар, көркем үйірмелердің жетекшілері болатын. Бұл ретте бір ғана дайындықпен тікелей эфирге шығу қажет болды, бұл ерекше біліктілікті қажет еткені сөзсіз.

Кейіннен 1975 жылдың 20 қарашасында басшылық қызметке Бәтташ Сыдықұлы Сыдықов келеді. Осы кісі басқарған жылдары, яғни 70 жылдардың соңында кәсіби бейнетаспаға түсіру мүмкіндіктері пайда болып, тікелей эфирде тек жаңалықтар мен шұғыл шығатын бағдарламалар қалды. Ал, 1980 жылдан бастап түрлі-түсті телевизияның кезеңі басталды. Бәтташ Сыдықұлы

телеарнаны 12 жылға жуық басқарыпты. Осы уақыт аралығында осындай кезеңдердегі өзгерістер Бәтташ ақсақалдың қадағалауымен іске асырылған.

Сол уақытта жұмыс істеген тілшілердің қатарында Мақсат Жарылғасин бар. Арна ардагерінің айтуынша Бәтташ Сыдықов журналистика саласының қызметкері болмағанына қарамастан ұйымдастырушылық қабілеті жоғары болыпты. Бағдарламалардың сапалы шығуына баса мән беріп, қазақ тілді хабарларының ұлғойына көп көңіл бөлген екен. Осы кезде қазақ тілді бағдарламалардың проценттік көрсеткіші жоғарылай түскен.

Алғаш облыстық радиохабар тарату және телевизия комитеті жұмыс істей бастағанда шамамен 4 сағат эфир жүрсе, 1996 жылы 22 мен 28 шілде аралығындағы бағдарламалар кестесіне қарап, эфир сағат 7.00-ден 20.00-ге дейін көрсетілгенін аңғаруға болады [5].

Бірақ қалада жалғыз жұмыс істеп келген телеарнаның 1991 жылы бәсекелесі пайда болды. Талай жасты журналистикаға тәрбиелеген ТВК-6 деген жергілікті арна ашылды. Оны құрған облыстық радиохабар тарату және телевизия комитетінде жұмыс істеген бейне оператор Байуақов Омарбек Қазанғапұлы еді. Осы кезден бастап қалада телевизия саласында бәсекелестік орта қалыптаса бастады. Яғни, осы кезде қос телеарнаға коммерциялық табысты өсіру үшін хабарлардың сапасын арттырып, тыңғылықты жұмыс істеу қажет еді.

1990 жылдары телеарна үкімет пен бизнес арасындағы әріптестік арқасында бетасам жабдықтарымен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, 1990 жылдары жергілікті телеарна республикалық Қазақстан арнасының 1 сағат уақытын алып бүкіл өңірге көрсету мүмкіндігі тоқтатылды. Бірақ телеарна жалпы одақтық НТВ - ның хабарларын көрсетіп отырды.

1991 жылы Семей телерадиокомпаниясы қайта тіркеуден өтіп, облыстық телеарна болды. 2000 жылғы жаңалықтардың бірі телеарна цифрлық DVCAM форматына көшті. Қазіргі «Semei» телеарнасының архивіндегі құжаттарға сүйенсек, 2000 жылдың қараша айында зерттеу нәтижесі бойынша сараптамалық баяндама дайындалған. Зерттеу әлеуметтік жергілікті жаңалықтар бағдарламасының сапасына қатысты жүргізілді. Сауалнама телефон арқылы ұйымдастырылған екен. 120 адам сауалнамаға қатысқан және келесідей нәтиже шыққан: «Жалпы алғанда жергілікті жаңалықтардың рейтингі жоғарылаған», - деп басталады. Екі бірдей телеарнаның (СТР және ТВК-6) бағдарламаларын сұралғандардың 28% тамашалайды делінген. Қаңтар айында көрсеткіш 7% құраған. Басымдық СТР-ға берілген, СТР-31% (2000 жылдың қаңтарында көрсеткіш -24% құраған) ал, ТВК-6 арнасын қарайтындар 11% қарайды екен. 2000 жылдың күз мезгілінде нәтижені көрермендер саны өсті деген сауал туындайды. Бұл кездегі негізгі жаңалықтар ретінде мыналарды атап өтуге болады: жаңа көпірдің құрылысы, қала статусына қатысты және биліктегі өзгерістер. Осы мәселелер халықты алаңдатса керек.

Жаңалықтарға деген қызығушылықтың артуына тағы бір себеп жылумен қамтамасыз ету проблемасы өршіп тұрды, сондықтан көпшілік осы мәселені биліктен жаңалықтар арқылы түсіндіруді талап еткендей. Сол кездегі облыс әкімі Меттенің «Будем отключать» деген сөзі мен оған қатысты пікірлер осы проблемаға баса мән беруге ықпал етті.

Сараптамалық құжат ауқымды. Мұнда жаңалықтарды халық көбінесе кешке көруді қарайтыны туралы айтылған. Яғни, жұрт жаңалықтың кеңірек берілген нұсқасын күтеді. Сұралған азаматтардың 3% жаңалықтар уақытының қолайсыз екенін айтқан. Сол кезде жаңалықтар кешкісін сағат 17.00-де де шығатын. Сауалнамаға қатысқан адамдардың 0,3% ғана осы уақыттағы жаңалықтарды тамашалайтындарын білдірген. Сондықтан болса керек кейіннен кешкі сағат 17.00 жаңалықтар шығарылымы эфирден алынып тасталды.

Көрермендердің 8,7% күндізгі жаңалықтарды, ал 1,3% таңғы жаңалықтарды тамашалайтындарын атап өткен. Сараптамада күндізгі жаңалықтарда «Об этом подробно вы узнаете в вечерном выпуске», «Об этом вы узнаете позже» деген сөздер айтылғандықтан көрермен аз мағлұмат алды деген ой қалыптастады деп көрсетілген.

Сараптамада сенбі күні жаңалықтар қажет пе? деген сауал қойылыпты. Сауалнамаға қатысқан азаматтардың 45% керек деп жауап берген. Сараптама көрсеткендей жаңалықтарға қызығушылықты арттыру үшін оның шығарылымын ұзарту қажеттілігі айтылған. Көрермендердің пікірінше «жаңалықтарды көре бастаймыз, бірақ ол лезде аяқталып қалады», - деген екен [6]. Яғни халық сол кезде жаңалықтар сюжетін кеңейтіп беруді қалаған. Екіншіден тек жақсы жағын ғана емес, қаладағы адамдардың тұрмыс-тіршілігін шынайы көрсетуді сұраған. Ал, енді 2000 жылмен бүгінгі 2020 жылды салыстырсақ мүлдем жағдай өзгеріп кетті. Мәселен, қазіргі жаңа медианың қарқынды түрде дамуы барысында, жаңалықтарды кеңейтіп беру туралы

пікір мүлдем жоқ. Себебі 2-3 минуттық бейненің өзі ұзақ деп саналатын заман туды. Қоғам басқа, сұраныс пен ұсыныстың деңгейі түбегейлі өзгеріп кеткені баршамызға мәлім.

Қорытынды. Биыл телеарнаға 55 жыл толып отыр. Телеарна 2004 жылы қайта тіркеуден өтіп, «Қазақстан» РТРК» АҚ қалалық филиалы болып атала бастады.

Бүгінгі жаңа медианың қарқынды жамуы жағдайында телеарнаның жұмыс істеу саясаты түбегейлі өгергенін атап өткен жөн. Себебі ақпарат жылдам тарайды, сондықтан бүгінгі таңда теле өнімдерді әлеуметтік желілермен интеграцияу процесі жүріп жатыр. Яғни, барлық телеөнімдер тек эфир арқылы емес, әлеуметтік желіге де салынады, бірқатар бағдарламалар әлеуметтік желіде қоса көрсетіледі және міндетті түрде ресми сайтта тікелей көрсетіліп отырады. Әлемнің кез келген жерінде отырған адам бағдарламаны тамашалай алады деген сөз. Дегенмен қаланың қариялары теларнаны бұрынғы анттенна арқылы, яғни әлі де аналогта қарайтынын да есте сақтаған дұрыс.

Қазір телеарна ID TV арқылы ел бойынша хабар таратып отыр, яғни Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласына көшіп барған семейліктер осы жүйеде қарап тұрады. 2019 жылдан бастап бағдарламалардың телевизия тілімен айтқанда «шапкілері» ауысты. Жаңадан «Қала тынысы» және «Пульс города», «Ғаламтор» және «Интернет», «Турзим», Абай Құннабаевтың 175 жылдығына орай «Әлем таныған Абай» және «Ақындар антологиясы» деген хабарлар көрмеменге жол тартты. Өткен жылы телеарна цифрлық хабар таратуға көшкенін ерекше атап өткен жөн. Жақында телеарнаның ішкі жабдықтары HD форматына көшіріліп, техника жаңартылды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Ертіс» газеті, 31.08.1965 ж. №171.
2. «Ертіс» газеті, 31.08.1965 ж. №171.
3. «Ертіс» газеті, 23.10.1965 ж. №210
4. «Ертіс» газеті, 25.06.1965 ж. №123
5. Телеарнаның жеке мұрағатынан. Бағдарламалар кестесі, 1996ж.
6. Телеарнаның жеке мұрағатынан. Зерттеу нәтижесі, 2000 ж.